



ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАҢДАУЛЫ 25 КІТАБЫ

Артур Шопенгауэр (1788–1860)

3-тарау. Неміс философиясы



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы
Тарау: 3. Неміс философиясы
Дәріс: 11. Артур Шопенгауэр (1788–1860)

Дүние ерік пен ұғым-түсінік ретінде (1844–1859)

Шопенгауэр Ұлы француз революциясы қарсаңында Данциг қаласында, зиялылар отбасында дүниеге келген. Әкесі саудагер, дүниетанымы бойынша вольтершіл, шешесі танымал романдар жазған. Балалық шағында отбасымен бірге Еуропаны аралайды, сол орайда Францияға барып, Гавр қаласында екі жылдай тұрақтайды. 1805 жылы әкесі дүниеден өтеді. Әкесінен қалған өзіне тиесілі мұраға қол жеткізген соң, бозбала университетке оқуға түседі. Әке мұрасы оның бүкіл ғұмырына жетіп артылды. Алғашында Шопенгауэр Гёттинген университетінде медицинамен шұғылданады, бірақ екінші семестрдің басында философия факультетіне өз еркімен ауысады. Готлоб Эрнст Шульцтің дәрістер курсы тыңдаған жас жігіт Платон мен Канттың философиялық жүйелерінен ерекше әсер алады.

Содан соң Берлинге барып, Фихтемен танысады. Алғаш Фихтеге қаншалықты тәнті болса, кейін соншалықты жек көріп кетеді. Йена университетінің докторы дәрежесін алған жас философтың «Жеткілікті негіздеу заңының төрт түрлі бастауы» атты тақырыптағы диссертациясын Гете жоғары бағалап, сол кезден бауырына тартып, дос етеді. Бұл жұмысты Шопенгауэр кейінірек «Дүние ерік пен ұғым-түсінік ретінде» кітабының бірінші басылымына кіріспе ретінде қосады. Гетенің ықпалымен 1816 жылы «Көз және дүниенің түр-түсі туралы» эссе жазады. 1814 жылы Шопенгауэр буддизммен танысады. Буддизм ілімі мен Кант философиясының оның 1818 жылы жарық көрген, 1844–1859 жылдары толықтырылған «Дүние ерік пен ұғым-түсінік ретінде» атты басты шығармасына ықпалы зор болды. Алайда автордың өзі күткеніндей, оның кітабына оқырмандар тосын жаңалықтай таңғала қойған жоқ. Берлин университетіндегі оқытушылық қызметінде тыңдаушылар да оған аса қызығушылық танытпады. Көңілі қалған философ оқытушылықты тастап, өз өмірін толықтай ғылымға арнады. 1836 жылы Шопенгауэр «Табиғаттағы ерік туралы» трактатын жариялады, ол да бірінші шығармасындай оқырманды елең еткізбеді. Одан кейін «Ерік еркіндігі туралы» кітабы жарық көреді. Шығармаларын оқырмандардың үнсіз қабылдауын Шопенгауэр «философ-профессорлардың» ресми философияға қайшы келетін теорияларға қарсы ұйымдастырған астыртын әрекеті деп есептеп, өзін сол астыртын әрекеттің құрбанымын деген тоқтамға келеді. Ол сол «министр жандайшаптарымен» қиян-кескі дау-дамайға түседі.

1844 жылы философ бірқатар қосымшалар енгізіп, жарыққа шығарған «Дүние ерік пен ұғым-түсінік ретінде» кітабы оқырмандар арасында қызығушылық туындата бастайды. Тек дүниеден озарының сәл-ақ алдында 1854 жылы «Шопенгауэрдің философиясы туралы жазбалар» кітабын жарыққа шығарған философтың алғашқы шәкірті Юлиус Фрауэнштедтің арқасында Шопенгауэр көпшілікке танымал болады. «Дүние ерік пен ұғым-түсінік ретінде» кітабының толықтырылып шығарылған үшінші басылымы 1859 жылы жарық көрді.

«Дүние ерік пен ұғым-түсінік ретінде» шығармасы түгелдей кітаптың тақырыбында баяндалған бір ғана тезисті зерттеуге арналған. Шопенгауэрдің қалған шығармаларының барлығы – мәні жағынан сол тезистің дұрыстығын анықтайтын қосымшалар мен жаңа дәлелдемелер.

Алғы сөз

Автор оқылатын материалдардың жеңіл игерілуі үшін оның жүйелі ретпен берілгенін, ол тұтас организм, біртұтас ой ретінде қызмет етуге тиіс екенін түсіндіреді. «Бұл – тұтас ойды қай тұсынан қарастырғанына қарай, ол метафизика да, этика да, тіпті эстетика да бола алады. Егер ол ой тура менің ойлағанымдай болса, онда ол, шынтуайтында мұның бәріне негіз болуы міндетті».

Тәртіпті қалайтын архитектуралық жүйеден айырмашылығы – кітап «біртұтас дүниенің ойға негізделуі» керек. Ол «біртұтас болмысын сақтауы тиіс. Егер ол игеруге түсінікті ету мақсатында бөлімдерге бөлінсе, ол бөлімдер арасындағы байланыс органикалық сипатта болғаны дұрыс, яғни әр бөлім тұтастықты құрап, тұтастық бөлімдерді ұйытып отырғаны секілді, бөлімдердің ешқайсысы бірінші де, соңғы да емес. Әр бөлім сайын тұтастықтағы ой анығырақ



бола түседі және алдымен тұтас ойды түсінбейінше, тіпті кішкене бөлімнің өзін толықтай түсіну мүмкін болмайды». Сөйтіп, Шопенгауэр өз шығармасында форма мен мазмұн арасындағы үйлесімнің жоқтығына өкінеді. Кітап логикалық қисын ұстанымына емес, керісінше, іргелі интуиция негізінде құрылған және мұны шығарманы оқу барысында ескерген жөн. Кітаптың екінші басылымында Шопенгауэр жаңа кіріспе ретінде «Кант философиясына сын» атты қосымша енгізеді. Мұнда философтың іргелі интуициясы басқаша сипатта ұсынылған. Қосымша 49 бөлімнен тұрады және көлемі жағынан негізгі мәтіннен кем түспейді. Шопенгауэрдің пайымынша, оның кітабын түсіну үшін алдын ала үш мәтінді – Платон мен Кант шығармаларын және немістер енді ғана таныса бастаған, «Упанишадта» баяндалған индуистік философияны зерделеу қажет. «Өткен ғасырлармен салыстырғанда осы ғасырда шынайы артықшылықтарға ие болады, себебі – менің ойымша, санскрит әдебиетінің біздің заманымызға ықпалы XV ғасырдағы грек әдебиетінің жаңғыруынан кем түспейді», – дейді А. Шопенгауэр.

I-кітап. Дүние ұғым-түсінік ретінде

Бірінші кітап мынадай пайымдаудан басталады: «дүние – менің ұғым-түсінігім». Шопенгауэрдің пікірінше, бұл ақиқат барлық тіршілік иесі үшін әділ, бірақ тек адам ғана оны санасына тоқи алады. Дүниені саналы ұғым-түсінік ретінде қабылдайтын бұл тұжырым – философиялық рухтың бастапқы нүктесі.

«Мен Күнді де, Жерді де білмеймін, мен тек сол Күнді көретін көзді, Жерді сезетін қолды білетініме ғана сенімдімін» (А. Шопенгауэр). Басқаша айтқанда, адам «оны қоршаған дүние тек ұғым-түсінік ретінде ғана тіршілік ететінін, яғни өзгемен қатынасында тек ұғым-түсінік ретінде ғана өзі екенін» біледі. Дүние туралы бұл түсінік тәжірибе әлеміндегі мүмкін нәрсенің және ойға қонымдының кез келген түрін пайымдайды. Мұнда уақыт, кеңістік және себептілік ұғымдарына қарағанда, жалпы ұғым туралы кеңінен сөз болады. «Біздің негіздеу заңының жекелеген түрлері арқылы жеткен әр пішініміз ұғым-түсініктің тек өзіне тиісті топтарына ғана маңызды болса, керісінше, әдетте объекті мен субъектіге жіктелетін пішін барлық тап үшін біртұтас құбылыс ретінде қызмет етеді, қандай да болсын сезіну және ойға алу мүмкін пішіндегі әр ұғым-түсінік – абстрактілі немесе интуитивті, таза немесе эмпирикалық».

Шопенгауэрдің пікірінше, «...тану үшін тіршілік иесінің бәрі, яғни бүкіл дүние субъектіге қатынасы бойынша – объект, түйсінушінің түйсігі, бір сөзбен айтқанда, ұғым-түсінік». Бұл заңның қазірге ғана емес, өткен мен болашаққа да қатысы бар. Таным субъектінің дүниеге шола қараған көзқарасы арқылы өтеді. Бұл субъект қандай болмақ? «Бәрін танушыны және ешкім тарапынан танылмайтынды – субъект дейміз. Демек, ол – дүниенің тұтқасы, бәрін өз ішіне сыйғызған, бүкіл бар дүние мен объектілердің бар болуының әрқашанғы алғышарты; өйткені тек субъект үшін ғана не бар болса, сол бар. Әркім таным объектісі болғандықтан емес, тек тани алатындықтан ғана өзін-өзі осындай субъект арқылы табады. Объект – оның тәні, сондықтан, осы көзқарас тұрғысынан алғанда, біз оны ұғым-түсінік деп атаймыз. Былайша айтқанда, тән – объектінің дәл өзі бола тұрса да, объектілер арасындағы объект және объектілер заңдылығына бағындырылған».

Кез келген интуицияның барша объектісі сияқты тән шынында да ойлаудың, уақыт пен кеңістіктің шартты жағдайларына бағынады. Бұл ұғым-түсініктің әралуандығын туғызады: Шопенгауэр оларды шартты жағдайы уақыт, кеңістік және себептерге байланысты болып келетін интуитивті ұғым-түсінік және абстрактілі ұғым-түсінік немесе ақыл деп жіктейді.

Ұғым-түсінікте субъекті мен объектінің тоғысуы оларға ортақ. Шопенгауэр үшін материя дегеніміз – тәжірибе заңы сияқты себептілік. Мұндай мағынада кез келген интуиция интеллектуалды және «абсолютті ақиқат онымен тікелей не жанама байланыста болады». Шопенгауэр өзінің философиясын Канттың трансценденталды идеализмімен байланыстырады, ол Канттың сынын логикалық кемеліне жеткіздім деп есептейді.



II-кітап: Дүние ерік ретінде

Бірінші толғаныс: ерікті объектілеу

Егер де мен «дүниені өзімнің ұғым-түсінігім» дегенге мойынсұнсам, онда «дүниенің менің еркімде» екеніне де келісуге тиіспін. Ерік ұғым-түсініктің көп объектілерінің бірі ретінде тәннің өзінен бөлекше, менің тәнімнің ішкі тәжірибесі арқылы ашылады. Дүниеде тіршілігіме тұрақ болып отырған менің денем өзіме теңдес таным субъектісі ретінде көрініс береді. Ерік ұғымын осылайша егжей-тегжейлі түсіндіру – оның адамның тек психологиялық қасиеті еместігін аңдатады.

«Оның еркінің әр шынайы әрекеті бірден және лезде оның денесінің қозғалысына айналады; сол сәтте-ақ бұл әрекетті бірден дененің қозғалысы ретінде қабылдамайынша, ол әрекетті жасай алмайды. Дененің қозғалысы – әлдебір объектіленген, яғни түйсініп тұрған еріктің әрекеті...

«Барлық дене – әлдебір объектіленген, яғни ұғым-түсінікке айналған ерік; ерік – денені *a priori* тану, ал дене – ерікті *a posteriori* тану», – дейді А. Шопенгауэр. Одан кейін: «Танушы субъект өзінің тәніне деген ерекше қатынасының арқасында индивид болады, яғни өзгелер секілді, сол қатынастан тыс нәрсе ол үшін тек ұғым-түсінік қана».

Шопенгауэр бейсаналы еріктің саналы зердеден басымдығына баса назар аударады: «Ерік – адамның болмысы, ал зерде – оның көрінісі». Мән-мағынасымен пайда болған ерік – барлық тіршілік атаулының мәні саналатын еріктің ең жоғары деңгейдегі шарықтауы, оны тіпті шикі материяның құнарлы дәні деуге болады. Өзінше біртұтас құрылым ретінде ерік қарапайым дене күшінен бастап, өмірлік қуатқа дейінгі аралықта табиғи тұрғыда заттанады. Бірақ бұдан Құдайдың қалауын білдіретін әлдебір жоспарды іздеудің қажеті жоқ: себебі – ерік ешбір себепсіз, мақсатсыз бейберекет түрде орнығады. Шопенгауэр үшін зат өзінше танылмайтын болып қала береді: бізге жақынырақ таныс феномен мағынасын беретін «ерік» термині оның «объектілігі» аясында ғана ол туралы ойлауға мүмкіндік береді. Дегенмен «ерік өзіндік зат ретінде толығымен өз құбылысынан ерекшеленеді және тек өзінің көрініс табуында ғана қабылдайтын барлық формаларынан азат болады» немесе басқаша айтқанда: «Таным жарық дүниеге алып шыққан жерде ғана ерік болады, қазір нені қалайтынын, осы жерде нені қалайтынын ол әрдайым біледі, бірақ ол жалпы нені қалайтынын ешқашан білмейді; әр жеке әрекеттің өзінше мақсаты болады, алайда жалпы еріктің мақсаты жоқ. Тұтастай алғанда, еріктің өзін-өзі тануының жалғыз жолы – жалпы ұғым-түсінік, танып-білуге болатын бүкіл дүние. Оның объектілігі де, ашар сыры да, болмысының айнасы да – осы».

III-кітап. Ұғым-түсінік ретіндегі дүние

Екінші толғаныс: негіздеу заңынан тәуелсіз түсінік. Платон идеясы. Өнер объектісі Біртұтас еріктің түрлі көріністерін, оның объектілену дәрежелерін, табиғи күштерін, жан-жануар түрлерін, адами даралықты Платон «идеяларымен» немесе Канттың кеңістік пен уақыттан тыс орналасқан пішін ретінде, яғни ақыл-ой қағидаларынан тәуелсіз қарастырылған «өзіндік заттарымен» теңдестіру қажет: «Уақыт, кеңістік және себептілік – біздің әр тектің біртұтас бар мәнін үнемі қайта туып, шексіз ретпен өле беретін көп біртектілерге айналдыратын қасиеттері. Заттарды зердеміздің осындай құрылымы арқылы және соған сәйкес түйсіну – имманентті қабылдау; керісінше, осы түйсінудің қалай жүзеге асқанын жете ұғыну – трансценденталды қабылдау. Оған *in abstracto* таза ақылды сынау арқылы қол жеткізуге болады, бірақ кейбір жағдайларда ол интуитивті түрде де пайда болуы мүмкін» (А. Шопенгауэр).

Үшінші кітапта қарастырылған эстетикалық тәжірибе осылайша жүзеге асады. Тәжірибенің мұндай түрінде кез келген адам идеяны ешбір мүддесіз түйсінуге дейін жетуі мүмкін. Түйсіну еріктің өмірге деген үстемдігін уақытша болсын тоқтатады. Эстетикалық ләззат алу ерікке қызмет етуден босатылып, таза субъектінің таза объектіні зерделеуіне айналған таным қабілетін жаттықтырудан туындайды: «Жекелеген заттарды жай ғана танудан идеяларды тануға ауысу



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 11. Артур Шопенгауэр (1788–1860)

мүмкіндігі таным ерікке қызмет етуден босап, субъект сол себепті дербес болмайтын және таза, еріксіз субъект негіздеу заңына сәйкес қарым-қатынасты қадағаламайтын, алда тұрған фактіні қандай да бір өзге объектімен байланыссыз тұрақты түйсінуге сіңіп, тынышталған кезде кенеттен жүзеге асады».

Әрі қарай: «Индивид жеке заттарды ғана таниды; танымның таза субъектісі – идеялар ғана». Түйсінудегі таным идеяларға жол ашады, ал дискурсивті не абстрактілі таным ақыл ұстындарына бағынады. Танымның бұл екі түрі бір-біріне мүлде қарама-қарсы. Суреткер – танып-білу қасиеті жағынан теңдессіз қабілет иесі; оның даналығы шектен шығып кеткен жағдайда, кейде ессіздікке ұласып жатады.

«Нағыз данышпандық пен салқын ақылдың бір жерде тоғысуы сирек кездеседі. Керісінше, данышпан индивидтер көбіне жүгенсіз аффект пен ессіз құштарлықтың ықпалына түседі. [Түйсінудің] қатты әсері қарабайыр түссіз ұғымдардан асып түсетіні соншалық – ұғымдар емес, сол әсердің өзі ессіз іс-әрекеттерге түрткі болады. Олар әңгіме-дүкен барысында өздері сөйлесіп отырған адам емес, керісінше, қозғалған әңгіменің тақырыбы турасында ойлайды. Данышпандық пен ессіздіктің бір-бірімен жанасатын нүктесі бар, тіпті олар сол шектен өтіп те кетеді». А. Шопенгауэр Кемеңгер ақыл қағидаттарының үстемдігінен азат етіледі. Ол Идеяны тани отырып, өзі де «идеялардың реттеушісіне, яғни енді жай индивид емес, танымның таза субъектісіне айналады». Алайда Шопенгауэр барлық адамдар осы тәжірибені, ең болмағанда, белгілі бір деңгейде басынан өткеруге қабілетті, «әйтпесе олар өнер туындыларынан ләззат ала алмас еді» деп тұжырымдайды. Әсемдік пен асқақтық сезімі осы қабілеттің бар екенін білдіреді. Кемеңгер танымның осы түрін одан әрі жалғастырады, өйткені ол Идеяны қабылдай түрлендіре отырып, өзінің керегіне жарата алады: «Көркемөнер туындысы – идеяны тануды жеңілдететін жай құрал». Суреткер енді нақты дүниені емес, тек идеяны ғана танып-біледі. Ол өзінің туындыларында таза идеяны көрсетуге талпынады. Ол оны нақты дүниеден ерекшелеп алады:

«Нақты дүниеден алшақ, тек идеяны терең тани алған суреткер өз туындыларында таза идеяны оған көлеңке түсіретін бейсауат нәрсенің бәрінен аршып, оны қарабайыр ұғымдардан бөліп алып, көркем бейнелейді. Суреткер бізді әлемге өзінің көзімен қарауға мәжбүрлейді. Оның көзі сондай сипатта бейнелеп, бүкіл заттың мәнін олардың өзара қатынасынан тыс тануы – кемеңгердің бойында ғана бар ерекше, туа бітті қабілет», – дейді А. Шопенгауэр. Сөйтіп, эстетикалық түйсінуде, бір жағынан, объектіні идея ретінде танумен, екінші жағынан, танушының, яғни таза танушы-субъектінің санасы тоғысады. Адам өмірде тек өз еркіне ғана жүгінсе, ол ешқашан тоят таппайтын ашкөздігі мен нәпсісінің жетегінде әуре-сарсаңға түседі. Дегенмен идеяны тану дегеніміз:

«Бұл – таза түйсінуді, түйсікке сіңу қабілетті, өзінің даралығын ұмытып, объектімен бірігіп кету, негіздеу заңына сүйенетін, қатынасты ғана ұғынатын таным тәсілінен бас тарту... Субъекті мен объекті енді уақыт ағымынан да, барлық өзге қатынастардан да тысқары тұрады».

Кейін Шопенгауэр осы тұжырымдаманы өнердің түрлі жанрларынан алынған мысалдармен өрнектейді. Ол алдымен асқақтық сезімінің табиғатын ашып, одан әрі әсемдік сезімін баяндайды:

«Затты әдемі деп атай отырып, біз оны өзіміздің эстетикалық пайымымыздың объектісі ретінде көрсетеміз; оның екі түрлі мәні бар: бір жағынан – осы затты анық көру бізді объективті етеді, яғни оны пайымдау арқылы біз өзімізді индивид емес, таза таным субъектісінің еркінен босатылған деп білеміз, екінші жағынан, біз заттан жеке нәрсені емес, идеяны танамыз».

Шопенгауэр көркемөнердің эстетикалық ләззатпен ерекше байланыстарына көңіл бөле отырып, сәулет, мүсін, бейнелеу өнерлері сияқты оның жекелеген түрлеріне кеңінен тоқталады.

«Идея дегеніміз – суреткер бейнелеуді мақсат тұтқан, демек, оның дәні мен бастауы ретінде туындыдан бұрын танылатын өнер объектісі».

«Идея толықтай түйсінуге келеді және көптеген жеке заттардан тұрса да, тұтастай нақты». А. Шопенгауэр

Поэзияда сөз «тура мағынасында тек абстрактілі ұғымдарды білдірсе де, ұғымдарды жеткізетін осы сөздер арқылы тыңдарманды өмір идеяларын түйсінуге мәжбүрлегісі келетіні анық сезіледі». Шопенгауэр психологиялық сипаттаулардан ада ғаламат тарихи эпопеялардан автобиографияны жоғары қояды. Өмірбаяндық туындыларда идеяны бейнелеу жеңілірек.



Поэзияның жоғарғы формасы – адамның тауқыметті тағдырынан көрініс беретін трагедия. Музыка одан да жоғары мәнге ие, өйткені ол идеяны емес, өмірге деген еріктің тура өзін суреттейді: «Музыка, идеяларды айналып өтіп, біздің көз алдымыздағы әлемнен тәуелсіз бола тұрып, осы әлемді мүлдем елемейді...

Музыка – әлемнің өзі сияқты шынайы дүние және күллі еріктің бейнесі, көптігімен жекелеген заттардың әлемін құрайтын идея тәрізді құбылыс. Соған орай, музыканың өнердің басқа түрлерінен айырмашылығы – идеялардың шағылысқан бейнесі емес, объектілігімен идеяға қызмет ететін еріктің өз бейнесі екенінде...». Бұл бөлімді Шопенгауэр ерікті танып-білу мен оның объектіленуі барысындағы суреткердің шат-шадыман көңіл күйін баяндаумен қорытындылайды.

IV-кітап. Ерік ретіндегі дүние туралы

Екінші толғаныс: өзін-өзі жете танығандағы өмір еркін растау және терістеу

Бұл кітапта «практикалық өмір» философиясы баяндалады. Алайда автор ешқандай адамгершілік императивін көлденең тартпайды: «Философия әрқашан теориялық сипатта ие, өйткені оның зерттейтін пәні қандай болса да, ол мәселені тек қарастырады және зерделейді, кесіп-пішіп өкім айту оған тән емес».

Әрі қарай: «Данышпандық сияқты, ізгілікке де үйрету мүмкін емес. Саналы ұғым-түсінік өнер үшін қалай өнімсіз болса, ізгілік үшін де солай және тек құрал ретінде ғана қызмет ете алады».

Шопенгауэр кейбір пессимистік көзқарастарымен де ерекшеленеді. Ерік метафизикасы аясында адам тәжірибесі бізге барша өмірдің өзегін уайым-қайғы құрайтынын аңдатады:

«...үздіксіз азап – өмірдің маңызды ерекшелігі» немесе тағы: «Өмір – суасты жартастар мен апатты иірімдерге толы мұхит; адам асқан сақтығы мен ақылының арқасында олардан өзін қашық ұстайды, әйтсе де өзінің күш-қайраты мен ептілігінің арқасында әркез олардың арасынан сытылып өтіп отырса да, қайтадан сол біржола қашып құтыла алмайтын, өз күшімен өзгертуге келмейтін ұлы апатқа біртіндеп жақындап келе жатқанын; өзінің ақтық сәтіне, өз өліміне бұлтартпас бағдармен бет түзегенін жақсы біледі».

Шопенгауэр уайым-қайғыға алуан түрлі мысал келтіреді: оқтын-оқтын үздіксіз бас көтеріп отыратын дегбірсіз құмарлық, зерігу – адамға тән басты сезімдердің қатарында. Философтың пікірінше индивид деңгейінде өмірге ерікті растау, ең алдымен, өзімшілдік пен әділетсіздіктен көрініс табады. Ақыл-оймен қаруланған өзімшілдік әділетсіздіктен де жоғары көтеріліп, мемлекет пен құқықты қалыптастыруға қатыса алады. Алайда шүбәсіз қарыз бен парыз ұғымы іштей қайшылықты және ізгі адам өзіндегі және өзгедегі ерік сәйкестігін түйсінуде тек жанашырлыққа ғана арқа сүйеуі мүмкін. Әділеттік пен жанашырлықтың шеңберінен шығып, өзін-өзі жоғары деңгейде таныған кезде, ерік өздігінен жойылады. Білім ғана қалған кезде, ерік жоғалады. Өз еркінен бас тарту, өзін-өзі өлтіру әрекетінен емес – бұл жағдайда әлі де өмірге деген ерік бар – керісінше, тақуалықта көрініс табады. Шопенгауэр атеист болса да, әулиелік, азап шеккені үшін әспеттеу, өлімнің рақаты секілді мәселелер оның жанына жақын. Еркін еріктің бірден-бір әрекеті – құбылыстар әлемінен азаттық алуы ғана болуы мүмкін. Бұл жерде басты орынды нирвана ұғымы алатын индуизм ықпалының зор екені анық. Кітап адамның өз еркін толығымен терістейтін деңгейге жеткен күйін және өзгеге жеткізу мүмкін емес Идеяны талқылаумен аяқталады:

«Еркі асып-төгілгендердің еркін толығымен жойғаннан кейін не қалады? Шын мәнінде, ештеңе де қалмайды. Керісінше, кімнің еркі өзін-өзі жоққа шығаруға бет алса және соған кәміл бекінсе, біздің осы нақты дүниеміз өзінің күн және құс жолы жүйесімен қоса құрдымға айналады» (А. Шопенгауэр).



Түсіндірме

Шопенгауэрдің ықпалы

Үшінші кітабында Шопенгауэрдің өзі дамыта жетілдірген теориясы өнерді метафизиканың шыңына шығарып, асқақтатады, ал ол адамның өз тұлғасының терең әлемі мен дүние арасында тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Азат ету ретінде көрініс тапқан өнердің бұл теориясы, XIX ғасырдың аяғындағы суреткерлерге зор ықпалын тигізді. Мәселен, Вагнер және символистер өздерін философтың ізбасарларымыз деп санады. Қазірдің өзінде Шопенгауэр философиясы өнердің өмірдегі орны, қоғамдағы суреткер міндеті, өнер мен надандық арасындағы байланыс туралы ойлануға жетелейді... Философтың ең танымал шәкірттерінің бірі Шопенгауэрдің философиясымен алғаш рет 1865 жылы Фридрих Ницше танысқан болды. Оның «Трагедияның тууы» атты кітабынан Шопенгауэрдің ықпалын байқау оңай. Тіпті рухтың шыңына көтеріле отырып, Ницше Шопенгауэрді өте жоғары – Гете, Гегельмен тең қояды. Ницше ілімінің талай тақырыбы, мысалы, «Мәңгілік оралу» бастауын Шопенгауэр философиясынан алады.

1873–1876 жылдары Ницше өзінің «Беймезгіл ойлар» еңбегін жарыққа шығарады. Оның «Шопенгауэр – тәрбиеші» деп аталатын үшінші бөлімінде философтың ілімі жайында емес, керісінше, оның жалғыздығы, нақты дүниеге деген еркін де батыл көзқарасы және оған қарсы ұстанымы туралы айтылады. Заманауи мәдениеттің оптимизм, конформизм, тұрпайылық сынды белгілеріне Ницше Шопенгауэрдің еңбектерін қарсы қояды, ондағы әулие, суреткер, философ сынды жоғары санаттағы адамдар типологиясын назарға алады. Мүмкін, адам, болашақтың ұлы пендесі «трагедиялық түйсінуге дейін жетілген» және «шындық үшін өз еркімен азап шеккен» Шопенгауэрге ұқсайтын шығар. Ницшенің өзі де көп жағдайда Шопенгауэрдің ізімен жүріп отырғаны күмәнсіз. Пессимизмге толы төртінші кітабы Шопенгауэрді әлемге әйгілі етті. Айналасынан тек азапты көру философты өмірге пессимизммен қарауға мәжбүрлейді және оның осы көзқарасымен XIX–XX ғасырдың басындағы көптеген жазушылар, ақындар мен философтар келіскен болатын. Шопенгауэр ашқан шығыс философиясы біздің қызығушылығымызды туғызып отыр: өйткені бүгінде біз оның тереңіне қайтадан бойлап келеміз. Өзінің «Қосымшаларында» Шопенгауэр махаббаттың метафизикасын сипаттай келе, бұл сезімді терең иллюзия және тектің айналасы деп атайды. Шығыс философтарының көпшілігі ежелден осылай дейді. Бұл ой қазір қайшылыққа толы болуы мүмкін. Бірақ оны Батыстың христиандық философиясы баяғыда-ақ Реформацияға дейін айтқан еді және бұл оны шығыс дәстүрімен жақындастырады. Мистицизм табы бар бұл тұжырым бүгінде әрі тәрбие мәселелерімен айналысушы философ Рене Барбьенің «көлденең талдауында» өз жалғасын тапты. Осы талдаудың көмегімен ол ой мен әрекеттің түрлі формалары арасында байланыс орнатуға талпыныс жасайды. Эберхард Фромм Шопенгауэрдің «постмодернистерге» ықпал еткенін атап көрсетті. Мысалы, Герберт Маркузе Шопенгауэр философиясынан XX ғасырдың әлем теориясын көреді. Томас Манн мен Сэмюэл Беккет секілді жазушылар, Людвиг Витгенштейн мен Макс Хоркхаймер сынды философтар өз шығармаларында Шопенгауэрдің туындыларын пайдаланған.

«Дүние ерік пен ұғым-түсінік ретінде» кітабында Шопенгауэр осы күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған жаңа тақырыпты – дүниені философияның объектісі ретінде қарастыру мәселесін қозғайды. Өткен ғасырдың 80-ші жылдары Анри Лефевр өзінің «монциализм» теориясында «Дүние ерік пен ұғым-түсінік ретінде» кітабындағы мәселелер жиынтығын қолданғанын мойындайды. Осы көзқарас тұрғысынан қарағанда, Шопенгауэрдің философиялық ілімі қазір де ескірмеген. Адам мен әлем арасында байланыс орнату мәселесі, өзінің тәні арқылы танымға жету мәселесі мұншалықты өзекті болған емес. Бұқаралық ақпарат құралдары үнемі күштеп тықпалап отырған, алдын ала кесіп-пішілген әлем туралы түсініктерден қалай құтыламыз?

Сыртқы сипатынан ақиқатты қалай танымыз? Ұғымдарды әсіресе Идеяны тануға қалай қол жеткізуге болады? Шопенгауэр өмірлік тәжірибе мен ойды табыстыруға талпынатын философияның қалыптасуына жол ашты.